

Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық
Өңіраралық Орталығы
Қазақстан Республикасы, 050002,
Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 36 үй,
5 қабат, 520-521 офис
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcprk.kz
www.kmcprk.kz



Казахстанский Межрегиональный
Центр Повышения Квалификации
Республика Казахстан, 050002,
город Алматы, ул.Пушкина, 36
5 этаж, офис 520-521
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcprk.kz
www.kmcprk.kz

Бекітілген
Оқу ағарту ҚР министрлігінің
сараптамалық кеңес
қорытынды негізінде 25.06.2025 ж
Э.А. Естемесова

**«Мектепке дейінгі жастағы балалардың топ жағдайында
мінез-құлқын және базалық когнитивтік функцияларының дамуын
басқару»
атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру
бағдарламасы**

**Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
Күндізгі оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Тақырып	Дәріс	Семинар	Тәжірибелік тапсырма	Тренинг	Тыңд.өздік жұмысы.(ТӨЖ)	Тестілеу	Жиыны
1	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі қызметінің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері	2	4		2			8
1.1	МДТО жүйесін реттейтін заңнамалық және стратегиялық құжаттар.	2						2
1.2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру.		2					2
1.3	Мектеп жасына дейінгі баланың дамуының психологиялық-педагогикалық негіздері.		2					2
1.4	Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі тәрбиешінің кәсіби рөлі.				2			2

2	Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуының заманауи ғылыми тәсілдері	2	2	2	2	2		10
2.1	Мектеп жасына дейінгі баланы дамытудың заманауи халықаралық тәсілдері: Executive Functions, SEL, UDL.	2						2
2.2	Executive Functions (атқарушы функциялар) баланың оқуға қабілеттілігінің негізі ретінде.		2					2
2.3	Өзін-өзі реттеу және ерікті мінез-құлықты қалыптастыру.			2				2
2.4	Бала дамуының нейробиологиялық негіздері.				2			2
2.5	Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытудағы Social Emotional Learning (SEL).					2		2
3	Балалардың мінез-құлық топ жағдайында басқару	2		4	2	8		16
3.1	Applied Behavior Analysis (ABA) балалардың мінез-құлық басқарудың ғылыми негізі ретінде.	2						2
3.2	Мектепке дейінгі топта мінез-құлықты функционалдық талдау.			2				2
3.3	Мінез-құлық функциялары және мінез-құлық қиындықтарының себептерін анықтау.					2		2
3.4	ABA қағидаттары негізіндегі педагогикалық әрекет ету хаттамалары.				2			2
3.5	Positive Behavior Support (PBS): жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу.			2				2
3.6	Білім беру ортасында жайлы мінез-құлықты бекіту және қалыптастыру.					2		2
3.7	Мектепке дейінгі топта ABA және PBS қолданудың тәжірибелік кейстері.					4		4
4	Мектеп жасына дейінгі балаларда базалық когнитивтік функциялар мен өзін-өзі реттеуді дамыту	2	2	4		6		14
4.1	Базалық когнитивтік функциялар баланың оқуы мен мінез-құлығының негізі ретінде.	2						2
4.2	Мектеп жасына дейінгі балаларда зейінді дамыту.		2					2
4.3	Күнделікті іс-әрекетте жұмыс жадысын дамыту стратегиялары.			2				2
4.4	Еріктілік пен өзін-өзі бақылауды қалыптастыру.			2				2

4.5	Баланың қызметті жоспарлауын, ұйымдастыруын және атқарушы функцияларын дамыту.					2		2
4.6	Когнитивтік функцияларды дамытудың тәжірибелік құралдары.					4		4
5	Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті тәжірибе	2	2	2	2	2		10
5.1	Мектепке дейінгі тәрбие жүйесіндегі инклюзивті білім беру.	2						
5.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері.		2					2
5.3	Universal Design for Learning (UDL) инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізі ретінде.			2				2
5.4	Білім беру үдерісін бейімдеу тетіктері және ЕББҚ бар баланы топтық қызметке қосу стратегиялары.				2			2
5.5	UDL және PBS құралдарымен дезадаптация мен мінез-құлық қиындықтарының алдын алу.					2		2
6	Білім беру ортасы даму мен мінез-құлықты басқару құралы ретінде		2	4		2		8
6.1	Білім беру ортасы баланың даму факторы ретінде Білім беру ортасына қойылатын талаптар.		2					2
6.2	Визуалды қолдау Positive Behavior Support (PBS) құралы ретінде.			2				2
6.3	Білім беру ортасын PBS және UDL логикасында ұйымдастыру.			2				2
6.4	Ортаны ұйымдастыру мен мінез-құлық қиындықтарының деңгейі арасындағы байланыс. Білім беру ортасын тәжірибе жүзінде жобалау.					2		2
7.	Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен өзара әрекеттесу және кәсіпаралық ынтымақтастық				4	2		6
7.1	Тәрбиешінің ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесуінің қағидаттары.				2			2
7.2	Мектепке дейінгі ұйымда кәсіпаралық өзара әрекеттесу.					2		2

7.3	Баланың мінез-құлқы мен дамуын қолдаудағы «мектепке дейінгі ұйым – отбасы» серіктестігі.				2			2
8	Педагогикалық бақылау, диагностика және рефлексивті тәжірибе			4		2	2	8
8.1	Педагогикалық бақылау және баланың мінез-құлқы мен дамуын тіркеу әдістері. Базалық функциялардың қалыптасу индикаторлары.			2				2
8.2	Когнитивтік және мінез-құлық функцияларының даму деңгейін диагностикалау және практикалық шешімдер қабылдау.			2				2
8.3	Peer-to-Peer (P2P) оқыту және тәрбиешінің кәсіби рефлексиясы. Бақылау кейстерімен тәжірибелік жұмыс.					2		2
8.4	Қорытынды тестілеу						2	2
Барлығы:		10	12	20	12	24	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

Қашықтықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Қашықтықтан оқыту 40 часов						Өздік оқу 40 ч .	Жиыны
		Онлайн-дәріс	Вебинар	Онлайн-практикум	Онлайн-кеңес беру	Онлайн-форум	Онлайн-супервизия	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	
1	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі қызметінің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері	2			1		1	4	8
1.1	МДТО жүйесін реттейтін заңнамалық және стратегиялық құжаттар.	1						1	2
1.2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру.						1	1	2
1.3	Мектеп жасына дейінгі баланың дамуының психологиялық-	1						1	2

	педагогикалық негіздері.								
1.4	Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі тәрбиешінің кәсіби рөлі.				1			1	2
2	Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуының заманауи ғылыми тәсілдері		2	1	1		1	5	10
2.1	Мектеп жасына дейінгі баланы дамытудың заманауи халықаралық тәсілдері: Executive Functions, SEL, UDL.		1					1	2
2.2	Executive Functions (атқарушы функциялар) баланың оқуға қабілеттілігінің негізі ретінде.			1				1	2
2.3	Өзін-өзі реттеу және ерікті мінез-құлықты қалыптастыру.				1			1	2
2.4	Бала дамуының нейропсихологиялық негіздері.		1					1	2
2.5	Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытудағы Social Emotional Learning (SEL).						1	1	2
3	Балалардың мінез-құлқын топ жағдайында басқару	2		3	2	1	1	7	16
3.1	Applied Behavior Analysis (ABA) балалардың мінез-құлқын басқарудың ғылыми негізі ретінде.	1						1	2
3.2	Мектепке дейінгі топта мінез-құлықты функционалдық талдау.						1	1	2
3.3	Мінез-құлық функциялары және мінез-құлық қиындықтарының себептерін анықтау.				1			1	2
3.4	ABA қағидаттары негізіндегі педагогикалық әрекет ету хаттамалары.	1						1	2
3.5	Positive Behavior Support (PBS): жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу.			1		1		1	3
3.6	Білім беру ортасында жайлы мінез-құлықты бекіту және қалыптастыру.				1			1	2
3.7	Мектепке дейінгі топта АВА және PBS қолданудың тәжірибелік кейстері.			2				1	3
4	Мектеп жасына дейінгі балаларда базалық когнитивтік функциялар мен өзін-өзі реттеуді дамыту	1		2	2	1	2	6	14
4.1	Базалық когнитивтік функциялар баланың оқуы мен мінез-құлқының негізі	1						1	2

	ретінде.								
4.2	Мектеп жасына дейінгі балаларда зейінді дамыту.			1				1	2
4.3	Күнделікті іс-әрекетте жұмыс жадысын дамыту стратегиялары.			1				1	2
4.4	Еріктілік пен өзін-өзі бақылауды қалыптастыру.				1			1	2
4.5	Баланың қызметті жоспарлауын, ұйымдастыруын және атқарушы функцияларын дамыту.				1	1		1	3
4.6	Когнитивтік функцияларды дамытудың тәжірибелік құралдары.						2	1	3
5	Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті тәжірибе	1	1	1	1		1	5	10
5.1	Мектепке дейінгі тәрбие жүйесіндегі инклюзивті білім беру.		1					1	2
5.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері.	1						1	2
5.3	Universal Design for Learning (UDL) инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізі ретінде.			1				1	2
5.4	Білім беру үдерісін бейімдеу тетіктері және ЕББҚ бар баланы топтық қызметке қосу стратегиялары.				1			1	2
5.5	UDL және PBS құралдарымен дезадаптация мен мінез-құлық қиындықтарының алдын алу.						1	1	2
6	Білім беру ортасы даму мен мінез-құлықты басқару құралы ретінде		1	1	1		1	4	8
6.1	Білім беру ортасы баланың даму факторы ретінде Білім беру ортасына қойылатын талаптар.		1					1	2
6.2	Визуалды қолдау Positive Behavior Support (PBS) құралы ретінде.			1				1	2
6.3	Білім беру ортасын PBS және UDL логикасында ұйымдастыру.				1			1	2
6.4	Ортаны ұйымдастыру мен мінез-құлық қиындықтарының деңгейі арасындағы байланыс. Білім беру ортасын тәжірибе жүзінде жобалау.						1	1	2
7.	Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен өзара әрекеттесу және			1	1	1		3	6

	кәсіпаралық ынтымақтастық								
7.1	Тәрбиешінің ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесуінің қағидаттары.			1				1	
7.2	Мектепке дейінгі ұйымда кәсіпаралық өзара әрекеттесу.				1			1	
7.3	Баланың мінез-құлқы мен дамуын қолдаудағы «мектепке дейінгі ұйым – отбасы» серіктестігі.					1		1	
8.	Педагогикалық бақылау, диагностика және рефлексивті тәжірибе		1	1			2	4	8
8.1	Педагогикалық бақылау және баланың мінез-құлқы мен дамуын тіркеу әдістері. Базалық функциялардың қалыптасу индикаторлары.		1					1	2
8.2	Когнитивтік және мінез-құлық функцияларының даму деңгейін диагностикалау және тәжірибелік шешімдер қабылдау.			1				1	2
8.3	Peer-to-Peer (P2P) оқыту және тәрбиешінің кәсіби рефлексиясы. Бақылау кейстерімен тәжірибелік жұмыс.						1	1	2
8.4	Қорытынды тестілеу						1	1	2
	Жиыны	6	5	10	9	3	9	38	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері оның мақсаттары мен міндеттерімен тікелей байланысты және тыңдаушыларда мектепке дейінгі ұйымдағы кәсіби қызмет үшін қажетті тәжірибелік құзыреттіліктердің қалыптасуын көрсетеді.

Бағдарлама міндеттерін іске асыру тыңдаушыларда балалардың мінез-құлқын басқару және өзін-өзі реттеуін дамыту, когнитивтік функцияларды дамытудың заманауи ғылыми тәсілдерін қолдану, инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру, дамытушы білім беру ортасын жобалау, баланың дамуын педагогикалық бақылау және талдау, сондай-ақ ата-аналармен және мамандармен өзара әрекеттесу саласындағы іскерліктердің бірізді түрде қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, күтілетін нәтижелер Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың қорытынды тәжірибелік көрінісі болып табылады және мазмұнды теориялық игеруден оны тәрбиешінің кәсіби қызметінде қолдануға көшуін айқындайды.

Бағдарлама мазмұнының МЖМБС білім беру салаларына сәйкестігі

Бағдарламаның мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің № 348 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленген және баланың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі білім беру салалары бойынша дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Білім беру саласы	Бағдарламада іске асырылуы
Әлеуметтік-эмоционалдық даму	өзін-өзі реттеуді, мінез-құлық дағдыларын дамыту, SEL және PBS тәсілдерін қолдану
Танымдық даму	зейінді, жұмыс жадысын, когнитивтік икемділікті дамыту
Коммуникативтік даму	өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру, қарым-қатынаста мінез-құлықты реттеу
Физикалық даму	еріктілікті, импульсивтілікті бақылауды дамыту
Шығармашылық даму	ортаның вариативтілігі, UDL қағидаттарын қолдану

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарламаның жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайды, оған теориялық даярлық, тәжірибелік сабақтар және оқу нәтижелерін қорытындылау кіреді.

Оқыту келесі форматтарда өткізіледі:

1. Күндізгі оқыту – сабақтар оқу аудиторияларында осы Бағдарламаның курс бойынша оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес өткізіледі;

2. Қашықтықтан оқыту – онлайн-лекцияларды, вебинарларды, практикумдарды, шеберлік-сыныптарды, кеңестерді, жобалық және рефлексивті қызметті онлайн-платформалар мен цифрлық білім беру ресурстарын (Zoom, Google Classroom, Moodle және т.б.) пайдалана отырып, осы Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Күндізгі және қашықтықтан бір апталық курс ұйымдастырылған кезде ОТЖ-дағы сағат саны 40 сағатты құрайды.

Оқыту нысандары:

- ☐ -дәрістер (ақпараттық-түсіндірмелік формат);
- ☐ -тәжірибелік сабақтар (педагогикалық тәсілдер мен алгоритмдерді пысықтау);
- ☐ -тренингтер және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу;
- ☐ -нақты мектепке дейінгі тәжірибеден алынған кейстерді талдау;
- ☐ -тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (рефлексия, тапсырмаларды орындау, бақылауларды талдау).

Қашықтықтан оқыту әдістері: бейнесабактар, вебинарлар, онлайн-форумдар және онлайн-кеңестер. Бұл әдістер тыңдаушыларға уақыт пен орынға тәуелсіз оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сабактар тыңдаушыларға қолайлы, курс ұйымдастырушысымен келісілген уақытта өткізіледі. Әрбір қатысушыға әдістемелік материалдар мен цифрлық ресурстар ұсынылады.

Тест тапсырмалары, өзіндік жұмыстар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында қорытынды тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылар белгіленген үлгідегі сертификат алады.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаны іске асырудың дидактикалық тәсілі заманауи андрагогиканың, тәжірибеге бағдарланған және құзыреттілік тәсілдердің логикасында құрылған. Бағдарламаның әрбір модулі мыналарды қамтитын дидактикалық модель арқылы іске асырылады:

- ☐ -теориялық материал;
- ☐ -тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар;
- ☐ -өзін-өзі бағалау және рефлексия құралдары.

1. Теориялық материал

Бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша жүйеленген ғылыми-әдістемелік негіздерді қамтиды:

- ☐ -мектеп жасына дейінгі баланы дамытудың заманауи тәсілдері;
- ☐ -мінез-құлықты басқару және функционалдық талдау;
- когнитивтік функциялар мен өзін-өзі реттеуді дамыту;
- ☐ -инклюзивті білім берудің негіздері;
- ☐ -білім беру ортасын ұйымдастыру және педагогикалық бақылау.

Халықаралық тәсілдерді (ABA, PBS, SEL, UDL) қолдану мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС талаптарын ескере отырып, бейімделген түрде жүзеге асырылады және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға қайшы келмейді.

2. Тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар

Теориялық материалды бекітуге және кәсіби қызметте қолдануға бағытталған, оның ішінде:

- ☐ -педагогикалық жағдаяттар мен мінез-құлық кейстерін талдау;
- ☐ -педагогикалық әрекет ету алгоритмдерін модельдеу;
- ☐ -әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бейімделген тапсырмаларды әзірлеу;

3. Өзін-өзі бағалау критерийлері

Тыңдаушылардың материалды меңгеру деңгейі мен тәжірибелік іскерліктерінің қалыптасуын рефлексивті бағалауды көздейді, оның ішінде:

- ☐ -негізгі ұғымдарды түсіну және дұрыс қолдану;

☐ -педагогикалық жағдаяттарда алгоритмдер мен хаттамаларды қолдану қабілеті;

☐ -баланың мінез-құлқы мен дамуын талдау іскерлігі;

☐ -өзінің педагогикалық әрекеттерін түзетуге дайындығы;

-тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезіндегі дербестік дәрежесі.

☐ -білім беру ортасының элементтерін жоспарлау;

☐ -педагогикалық бақылау және нәтижелерді бекіту бойынша тапсырмаларды орындау.

Оқу материалын меңгеруді өзін-өзі бағалау критерийлері.

Өзін-өзі бағалау барлық модульдер үшін ортақ, түсінікті критерийлер негізінде жүзеге асырылады және мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тәжірибелік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін көрсетеді. Өзін-өзі бағалаудың негізгі критерийлері:

1. Мазмұнды түсіну

☐ -мен Бағдарламаның негізгі ұғымдарын (мінез-құлық, өзін-өзі реттеу, когнитивтік функциялар, инклюзия және т.б.) түсінемін;

☐ -мен мектеп жасына дейінгі баланың даму логикасын түсінемін;

☐ -мен өз қызметімнің нормативтік және психологиялық-педагогикалық негіздемелерін түсінемін.

2. Білімді тәжірибеде қолдану

☐ -мен зерттелген тәсілдерді балалармен жұмыстың нақты жағдаяттарында қолдана аламын;

☐ -мен топта мінез-құлықты басқару және когнитивтік функцияларды дамыту әдістерін пайдаланамын;

☐ -мен тапсырмалар мен іс-әрекетті ұйымдастыруды балалардың ерекшеліктерін ескере отырып бейімдей аламын.

3. Кәсіби дәлелдеу

☐ -мен өз педагогикалық шешімдерімді ғылыми тәсілдер мен әдістемелік ұсынымдарға сүйене отырып негіздеймін;

☐ -мен баланың мінез-құлқы мен дамуымен жұмыс әдістерін таңдауды түсіндіремін;

☐ -мен шешім қабылдаған кезде балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескеремін.

4. Кәсіби дұрыстық пен жауапкершілік

☐ -мен тәрбиешінің кәсіби этикасы шеңберінде әрекет етемін;

☐ -мен қауіпсіздік нормаларын және балаға құрметті сақтаймын;

☐ -мен балалармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара әрекеттесуді дұрыс құрамын.

5. Рефлексия және кәсіби даму

☐ -мен өз педагогикалық әрекеттерімнің тиімділігін талдаймын;

☐ -мен өзімнің кәсіби қиындықтарым мен тапшылықтарымды анықтаймын;

□-мен одан әрі кәсіби өсу мен тәжірибені жетілдіру бағыттарын айқындаймын.

Қосымша презентациялық материалдарды, өзіндік жұмысқа арналған тапсырмаларды, қорытынды бақылау материалдарын және ұсынылатын әдебиеттер тізімі кіретін оқу-әдістемелік кешен ұсынылады. Сондай-ақ осы материалдар орналастырылатын сайт көрсетіледі.

Осылайша, Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі теорияның, тәжірибенің және рефлексияның интеграциясы арқылы мазмұнды кезең-кезеңімен меңгеруді қамтамасыз етеді, бұл тыңдаушының тұрақты кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал етеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама аясында оқу нәтижелерін бағалау МДҰ тәрбиешісінің кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере отырып құрылады және теориялық білім көлемін тексеруге емес, кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын, тәжірибелік қызметке дайындығын және алған білімдерін білім беру ұйымының нақты жағдайында қолдану қабілетін бағалауға бағытталады. Қолданылатын бағалау әдістері объективтілікті, тәжірибелік бағыттылықты қамтамасыз етеді, бұл Бағдарламаны іске асыру сапасы мен нәтижелілігін арттырады.

Оқу нәтижелерін бағалау әдістері

1. Қалыптастырушы бағалау. Чек-парақтар мен модульдер бойынша өзін-өзі бағалау шкалалары; рефлексивті тапсырмалар (жазбаша пікірлер, кәсіби күнделік); кейстерді оқытушының кері байланысымен талқылау қолданылады.

Нәтижесі: кәсіби өсудің динамикасын анықтау және оқытуды түзету.

2. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар тәрбиешінің мінез-құлықты басқару, баланы дамыту және мектепке дейінгі топ жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыру саласындағы нақты кәсіби іскерліктерін қалыптастыруға және бағалауға бағытталған.

1. Педагогикалық кейстерді талдау

□-топтағы балалардың мінез-құлқының типтік және күрделі жағдаяттарын талдау (истерикалар, агрессия, іс-әрекеттен бас тарту, ережелерді бұзу);

□-функционалдық тәсіл негізінде баланың мінез-құлқының ықтимал себептерін анықтау;

□-педагогикалық қателерді және олардың салдарын айқындау;

□-тәрбиешінің кәсіби негізделген әрекет нұсқаларын тұжырымдау.

2. Педагогикалық қолдау алгоритмдерін әзірлеу

☐ -мінез-құлық жағдаяттарына әрекет етудің кезең-кезеңдік хаттамаларын әзірлеу;

☐ -эмоционалдық бұзылулар және іс-әрекетке қосылудағы қиындықтар кезінде баланы қолдау алгоритмдерін әзірлеу;

☐ -проблемалық мінез-құлыққа дейін, оның кезінде және одан кейінгі тәрбиешінің әрекеттерін сипаттау;

☐ -алгоритмдерді балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне бейімдеу.

3. Алдын алу және қолдау бағдарламаларын жобалау

☐ -топта жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу жүйесін әзірлеу;

☐ -өзін-өзі реттеу мен оң мінез-құлықты қалыптастыру жағдайларын жоспарлау;

☐ -когнитивтік функцияларды дамыту элементтерін күнделікті қызметке енгізу;

☐ -даму және мінез-құлық қиындықтары бар балаларға арналған қолдаудың педагогикалық стратегияларын жобалау.

4. Кәсіпаралық өзара әрекеттесу моделін әзірлеу

☐ -тәрбиешінің психологпен, логопедпен және МДҰ-ның басқа да мамандарымен өзара әрекеттесуін сипаттау;

☐ -баланы қолдау барысындағы функциялар мен жауапкершілік аймақтарын бөлу;

☐ -білім беру үдерісіне қатысушылар арасында ақпарат алмасу сұлбасын әзірлеу;

☐ -отбасымен және мамандармен келісілген педагогикалық әрекеттер моделін қалыптастыру.

Бағалау критерийлері:

☐ -нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестігі;

☐ -кәсіби шешімдердің негізділігі;

☐ -этикалық дұрыстығы;

☐ -тәжірибелік іске асырылу мүмкіндігі.

3. Тыңдаушының өзін-өзі бағалауы және рефлексиясы. Бағалаудың тең құқықты элементі ретінде қолданылады және мыналарды қамтиды:

☐ -оқытудың мақсаттары мен нәтижелерін салыстыру;

☐ -өзінің кәсіби динамикасын талдау;

☐ -одан әрі кәсіби даму бағыттарын айқындау.

Мақсаты: тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейінің субъективті бағасы туралы деректер алу, өзін-өзі бағалау нәтижелерін жинақтау және жүйелеу. Нәтижесінде:

☐ -тыңдаушылардың кәсіби сенімділік аймақтары;

☐ -құзыреттілік тапшылықтары;

☐ -даярлық деңгейі мен тәжірибедегі айырмашылықтары айқындалады;

4. Оқытушының сараптамалық бағалауы

Оқытушы сараптамалық бағалауды тыңдаушының :

☐ -тапсырмалардың орындау сапасын;

☐ -кәсіби дәлелдеу;
☐ -тыңдаушының әртүрлі модульдерден алынған білімдерді біріктіру қабілеті бойынша жүзеге асырады.

Сараптамалық бағалау мазмұнды кері байланыспен қоса жүреді.

☐ Оқу нәтижелері тыңдаушының құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейлері бойынша жинақталады:

Деңгей	Сипаттама
Негізгі	Негізгі ұғымдар мен алгоритмдерді меңгеру, әдістемелік қолдаумен қолдану
Жеткілікті	Білімді типтік жағдаяттарда өзіндік қолдану
Жетілдірілген	Күрделі кәсіби жағдайларда икемді және саналы қолдану

Қорытынды баға

- ☐ -тәжірибелік тапсырмаларды орындау нәтижелері;
☐ -өзін-өзі бағалау динамикасы;
☐ -оқытушының сараптамалық бағалауы;
☐ -тестілеу нәтижелері негізінде құрылады.

Қорытынды бағалау тыңдаушының мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тиімді кәсіби қызметіне, оның ішінде балалардың мінез-құлқын басқару, когнитивтік функциялар мен өзін-өзі реттеуді дамыту, инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру ортасын, педагогикалық бақылау және ата-аналармен өзара әркеттесуді қолдануға дайындығын растайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау Бағдарламаны іске асырудың міндетті компоненті болып табылады және тыңдаушылардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, алған білімдері мен дағдыларын бекітуге, сондай-ақ оларды тәрбиешінің тәжірибелік қызметіне тиімді енгізуге бағытталған.

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты

☐ -тәрбиешілердің тұрақты кәсіби дамуын және мінез-құлықты басқарудың, балалардың когнитивтік функциялары мен өзін-өзі реттеуін дамытудың заманауи педагогикалық тәсілдерін мектепке дейінгі ұйым тәжірибесіне енгізуді қамтамасыз ету;

☐ -тәжірибе алмасуға және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тиімді тәжірибелерін таратуға бағытталған тәрбиешілердің кәсіби қоғамдастығын қалыптастыру.

Курстан кейінгі қолдаудың форматы, нысандары мен әдістері

Қолдау форматы	Жұмыс нысандары	Іске асыру тәселдері
Онлайн (синхронды)	Жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру, кейс-әдіс, педагогикалық жағдаяттарды талдау, мәселеге бағытталған талқылау
	Вебинарлар, онлайн-кездесулер	Интерактивті дәрістер, пікірталастар, Q&A-сессиялар, педагогикалық тәжірибелерді көрсету
Онлайн (асинхронды)	Әдістемелік қолдау (e-mail, мессенджерлер, білім беру платформалары)	Сараптамалық пікірлер, тәжірибелік жағдаяттарды сүйемелдеу, кері байланыс, материалдарды талдау
	Кәсіби онлайн-қоғамдастықтар	Кәсіби талқылаулар, тәжірибе алмасу, peer-to-peer оқыту
Тәжірибеге бағытталған формат	Топтағы педагогикалық шешімдерді, алгоритмдер мен жұмыс үлгілерін әзірлеу және енгізу	Жобалық әдіс, педагогикалық қызметті модельдеу, тәжірибелерді енгізуді сүйемелдеу
	Тыңдаушылардың нақты педагогикалық кейстерін талдау	Кейс-әдіс, жағдаяттық талдау, рефлексивті тәжірибелер
Әдістемелік қолдау	Білім беру процесін жоспарлау, балалардың дамуын бақылау және диагностикалау бойынша кеңестер	Әдістемелік талдау, сараптамалық бағалау, жеке ұсынымдар

	Педагогикалық технологияларды (соның ішінде цифрлық құралдарды) енгізуді қолдау	Тәжірибелік кеңес беру, құралдарды көрсету, апробацияны сүйемелдеу
Кәсіби даму	Семинарларға, вебинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысу	Пікірталас әдістері, тәжірибе алмасу, тәжірибелерді презентациялау
	Кәсіби қоғамдастықтарда өзара әрекеттесу	Коллаборация, желілік өзара әрекеттесу, кәсіби талқылаулар
Жарияланымдық және сараптамалық қызмет	Әдістемелік материалдарды, тәжірибелік ұсынымдарды дайындау	Жобалық әдіс, әдістемелік қолдау, редакторлық және сараптамалық қолдау
	Бірлескен әзірлемелер мен жарияланымдар	Тең авторлық, сараптамалық бағалау, рецензиялау